

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ  
ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
“М.Қозыбаев атындағы Солтүстік-Қазақстан  
Университеті” ҚЕАҚ Педагогикалық факультет  
«Арнайы және әлеуметтік педагогика»**

**Дипломалды тәжірибе бойынша**

**ЕСЕП**

**Білім беру бағдарламасы үшін: 6B01901 «Дефектология»**

**Студент:** Айтмағанбет Карина Азаматқызы, Дф-19к тобы

**Тәжірибе базасының жетекшісі:** Мурзахметова Қ.М.

**М.Қозыбаев атындағы СҚУ-дан бекітілген жетекшісі:**  
Дюсенбаева Б.А.

Петропавл 2023 ж

## Мазмұны

1. Тәжірибе бойынша қойылған конференцияға қатысу .  
Студенттердің ұйымдар мен мекемелер бойынша тәжірибеге бөлінумен танысу. Тәжірибеден өту кезіндегі студенттердің құқықтары мен міндеттерін меңгеру.....3
2. Мұғалімнің көмекшісі қызметінің атқару. Мұғалімнің күнтізбелік жоспарына сәйкес кесте бойынша конспект құрастыру және сабақ өткізу. Мұғаліммен бірге сабақ талдау.....4
3. Логопедпен бірге жұмысты жалғастыру және логопедиялық сабақ өткізу.....21
4. Бітіруші сынып оқушыларымен оқу іс-шараларын және кәсіптік бағдар беру мазмұны бойынша іс-шаралар өткізу.....24
5. Тәжірибенің тиімділігін өзін-өзі бағалау: тәжірибеде алынған нәтижелерді қорытындылау. Есеп беру құжаттамасын дайындаңыз.....28

**1. Тәжірибе бойынша қойылған конференцияға қатысу .  
Студенттердің ұйымдар мен мекемелер бойынша тәжірибеге бөлінумен  
танысу. Тәжірибеден өту кезіндегі студенттердің құқықтары мен  
міндеттерін меңгеру.**

Мен Айтмағанбет Карина М.Қозыбаев атындағы Университетің жіберуі бойынша Сафуан Шаймерденов атындағы классикалық гимназия мектебінің 03.04.2023-06.04.2023жж аралығында логопедиялық кабинетінде тәжірибені өттім. Логопедиялық кабинетпен танысу барысында, кабинет қажетті оқу құралдармен қамтамасыз етілген. Кабинетте оқушылардың санына сәйкес парталар, логопед мұғалімінің үстел, сынып тақтасы, қабырғада орналасқал үлкен айна , қосымша кішкентай айналар, дыбыстық карточкалар, түрлі тілдік ойындар. Әңгімелеуді үйретуге арналған материал:балалар әдебиеті, дыбыстар мен грамматикалық категорияларды қайталауға бекітуге арналған материал,тақырыптық және сюжеттік суреттер, суреттер сериясы. Логопедиялық кабинет қарапайым түрде безендірілген.



**Тәжірибеден өту кезіндегі студенттердің құқықтары мен міндеттерін меңгеру.**

**Студент практикадан өту кезінде міндетті:**

- жеке тапсырмада қарастырылған бағдарлама мен жұмысты толық орындау;
- қауіпсіздік техникасы мен еңбекті қорғау ережелерін және қолданыстағы ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтауға;
- белгіленген нысан бойынша күнделік жүргізу және практикадан өту туралы есепте жазбалар жүргізу, кәсіпорыннан практика жетекшісінің сипаттамасын алу;
- практика бағдарламаларында қарастырылған барлық жұмыс түрлерін орындау, ол үшін практикадан өтудің жеке күнтізбелік жоспары жасалады;
- кәсіпорындарда практикадан өту мерзімін қатаң сақтау, сонымен қатар өзімен бірге күнделік, жолдама, онда көрсетілген мекенжай бойынша университетке жолданатын үзбелі талон болуы тиіс;
- бір апта мерзімде практика бойынша күнделікпен және жолдамамен бірге, қолымен және мөрімен куәландырылған есепті өз басшысына тапсыру;
- кафедрада практика туралы есепті дайындау және қорғау.

**2. Мұғалімнің көмекшісі қызметін атқару. Мұғалімнің күнтізбелік жоспарына сәйкес кесте бойынша конспект құрастыру және сабақ өткізу. Мұғаліммен бірге сабақ талдау.**

Тәжірибе барысында мұғалімнің көмекшісі қызметін атқардым. Көмекшілік қызмет атқару барысында сыныппен жоспар бойынша және жоспардан тыс тәрбие жұмыстар өткізе отырып, оқушылармен жақсы тіл табыса, олармен тығыз қарым-қатынаста бола білдім. Жалпы тәрбие жұмысын өткіздім. Сабақтар барысында логопедиялық әдістерді пайдаланып, дыбыстардың артикуляциясын анықтадым. Дыбыстарды жеке және буында, сөзде, сөйлемде дұрыс айтуын қадағаладым. Жетекшіміздің бағыт-бағдарына сәйкес өзімізге пән бойынша түрлі мағлұматтарды жинақтап, оның білім, біліктілік және дағды секілді құрылымдарымен таныстық. Сонымен қатар, тәрбие жұмыстарына сай өтілетін іс-шараларды ұйымдастыру және оған барынша жауапкершілік танытып, белсене қатысу қажеттілігін де естен шығармады. Сабақ өту барысында күнтізбелік тақырыптық жоспарды дайындау және өткізу, көрнекі құралдар дайындау, сабақтан тыс оқу жұмыстары мен сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырып өткізудің қыр-сырымен таныстым. Сонымен қатар пәнді оқытуда дәстүрлі әдістермен қатар жаңа технологияларды кеңінен қолдануды үйрендім.

Практикада үйренгенім, алынған жаңа білімім тек жұмыс барысында алынған белгілі бір дағдыларды игеруге көмектеседі деп ойлаймын. Оқу практикасының нәтижелері бойынша мен әрі қарай өзіндік жұмыстарға және алған білім мен дағдыларды практикада қолдануға қаншалықты дайын екенімізді анықтай аламын.

**Дислалия тобына арналған тақырыптық – күнтізбелік жұмыс жоспары**  
**Логопедиялық ұйымдастырылған оқу қызметі.**

2	«Р» дыбысын айтуға дайындық.	Тіл ұшы жоғары көтеріледі, тіл мен таңдай арасында ауа толқыны пайда болып, діріл арқылы дыбыс шығады. Арыстан мен қасқыр ырылдайды: Ыр...р...р...р...р.	Айна, «Р» дыбысының артикуляциялық бейнесі.	03.04
3	«Р» дыбысын қою.	Тіл ұшы жоғары көтеріледі, тіл мен таңдай арасында ауа толқыны пайда болып, діріл арқылы дыбыс шығады. Арыстан мен қасқыр ырылдайды: Ыр...р...р...р...р.	Айна, «Р» дыбысының артикуляциялық бейнесі.	04.04 05.04
4	«Р» дыбысын буында машықтандыру.	Ра – ро – ру, Ар – ор – ур, Ра – ра – ро, Ру - ру- ра, ро – ро – ру, ро – ро – ра.	Айна, Буындар қатары.	10.04 12.04 17.04 19.04 24.04
1	«Р» дыбысын сөзде және сөз тіркесінде машықтандыру.	Сөздер: радио, ракета, зымыран, торғай, қар, жануар, алмұрт, ертегі, дастархан. Сөз тіркестері: жаңа радио, үлкен ракета, кішкентай ала торғай, піскен алмұрт, өте қызықты ертегі, т.б. Домбыра мен балалайка суреттерін бояу. Ұлттар арасындағы достық пен сыйластық жайлы әңгімелеу.	Айна, Оқулық, суреттер. Домбыра мен балалайка суреттері.	25.04 26.04
2	«Р» дыбысын сөйлемде машықтандыру.	Жаңылтпаштар, тақпақтар. Логоритмика. Көгершін құсының суретін бояу.	Айна, Оқулық суреттер. Көгершін құсының суреті.	02.04 03.04 06.05

## **Сабақтың тақырыбы: [P] дыбысы**

**Сабақтың мақсаты:** Артикуляциялық және есту аппаратын [P] дыбысын қоюға дайындау.

**Дамытушылық:** Зейінін, логикалық ойлау қабілетін, сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын, байланыстырып сөйлеу тілін, фонематикалық қабылдауын дамыту. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

**Түзетушілік:** Ауыз арқылы бір келкі дем шығаруға үйрету.

**Тәрбиешілік:** Табиғатқа деген қызығушылығын арттыру.

**Көрнекіліктер:** заттық суреттер, зондтар, сюжетті суреттер, спирт, мақта  
**Жаңа сөздер:** абдан, шөжік, түлкішік.

**Сабақ барысы:**

- Бүгін аптаның қай күні? Сабағымыз қызықты өту үшін, сен мұқият болуың керек.

**II. Мақсатын баяндау:**

-Бүгін біз жабайы аңдардың берген тапсырмаларын орындаймыз.

Кәне, оларды атап шығайықшы: қасқыр, аю, арыстан, жолбарыс, түлкі. Аңдар бізге артикуляциялық жаттығуларды орындаңдар дейді.

**III. Артикуляциялық жаттығуларды орындамас бұрын P дыбысыны кескінімен танысайық.**

-Логопед баланы P- суретінің кескінімен таныстырады.

**Ал енді тілімізді жазалайық.**

«Алтыбақан»

«Сылақшы»

«Тісті тазалау»

«Ат шабады»

**IV. Тыныс алу жаттығуы.**

**V. Фонематикалық естуін қалыптастыру бойынша жұмыс.**

- Қазір мен аңдардың патшасы - арыстанның әнін айтамын. Ал сен «rrrrrrrrrrrrrr» деген оның ақырған даусын естісең қолыңды көтер: rrrrr, mmmm, шшшшш, аааааа, сссссс, rrrrrr, иииииии, еееее, rrrrrrr.

**VI. Логикалық ойлауын дамытуға арналған тапсырма.**

P дыбысы бар суреттерді іріктеп алып, ата. ( тарак, ара, күрек, барабан, шар )

**VII. Саусақ жаттығуы.**

**VIII. Дидактикалық ойын: «Төлін ата»**

Қасқыр - бөлтірік, қоян - көжек, аю – қонжық, түлкі - түлкішік.

Сұрақтарға жауап бер:

Бөлтірік ненің төлі? Көжек ненің төлі? Түлкі ненің енесі?

**P дыбысын буындарда дұрыс айту.**

Ра – ра- ра Ро – ро – ро Ру – ру – ру Ри – ри – ри

**XI. Сабақты қорытындылау.**

-Бүгін қай дыбыс бойынша жұмыс жүргіздік?

-Баланы марапаттау.

РА

РО

РУ

РЫ

РЭ

АР

ОР

УР

ЫР

ЭР

## Жаңылтпаштар

Ақ шар бар  
Көк шар бар  
Көп шар бар  
Төрт шар бар



Ұшты-ұшты, кім ұшты?  
Қысқыш ұшты, қыш ұшты.  
Қысқыш ұшпас, қыш та ұшпа  
Ұшса ұшар, құс ұшар.  
Қашан қысқыш, қыш ұшты.



Топ бала, топ бала,  
Ойнап жүр топтала.  
Зымырап допты ала,  
Қуады көп бала



Үйір-үйір үйректі  
Үйірге кім үйретті?  
Үйір-үйір үйректі  
Үйірге өзім үйреттім.



## Саусақ ойындары арқылы бала тілін дамытайық

Добым, добым домалап,  
Тоқтамайсың домалап.  
Үстел үстін бүлдірдің,  
Тәрелкені сындырдың.  
Тентек болып кеттің деп  
Тұрмын сені тепкім кеп



Күнде тәртіп бұзылды,  
Балаларды сүзіпті.  
Жемістерді үзіпті.  
Мүйізіне тізіпті,  
Міне осындай алыпты.  
Атам көріп қалыпты  
Мазаны ала бердің деп  
Мүйізін қағып алыпты.



Пеш үстінде мысық отыр,  
Аздап көзін қысып отыр.  
Тышқан етін жегісі кеп  
Тісі оның қышып отыр.





## “АТ ШАУЫП КЕЛЕДІ”



*Күлеміз, ауызымызды ашамыз,  
тілдің ұшын таңдайға  
апарып, тақылдатамыз.*

## “БАҚА”



*Ауызымызды ашып, күлеміз,  
тістерімізді көрсетеміз*

## “ӨТКЕНШЕК”



*Ауыз ашық. Тілді қатайтып  
ұстап үстінгі- астыңғы  
тістердің артына  
кезек-кезек созу*



**Сабақтың тақырыбы:** «Р дыбысын қою»

**Сабақтың мақсаты:**

**1. Жоспар:** 1. Ұйымдастыру бөлімі 2. Сабақтың тақырыбы 3. Артикуляциялық жаттығулар 4. Р дыбысын қою 5. «Р» дыбысын қоюға арналған дайындық артикуляция жаттығуларын орындау. 6. Фонематикалық анализдерді дамыту 7. Р дыбысын буында, сөзде, сөйлемде бекіту 8. Сабақтың қорытындысы  
Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру бөлімі Логопед мұғалім ракетаның суретін көрсетеді.

**2. Сабақтың тақырыбы** - Бүгін біз Р дыбысын естіп, дыбыстап және оны сөйлемде табуды үйренеміз. 3. Артикуляциялық жаттығулар «Күрекше», «Кесе», «Тоқылдақ», «Ат шауып келеді» артикуляциялық жаттығуларды орындау.

**4. «Р» дыбысын қою** Логопед мұғалім дыбысты қою үшін үш тәсілді қолданады. 1.(Еліктеу ) - Ит сияқты ырылдау ( RRRRRRRRRR) 2.(Айнаға қарап қайталау) - Аузымызды ашып тілді үстіңгі таңдайға қойып д-д-д-д деп айту. 3.(ж дыбысы арқылы шығару) - Логопед мұғалім: Тілімізді үстіңгі таңдайға қойып, Ж деп дыбыстаймыз. Р деп естіледі.

**5. Дұрыс артикуляция қалпы дағдыларын өндеу.**

«Р» дыбысы дұрыс шығуы үшін «Р» дыбысының артикуляциясына назар аударамыз.

-ерін аздап дөңгеленіп тұрады.

-жоғарғы, төменгі тістер арасы алшақ келеді.

-тілдің ұшы қатты таңдайға көтеріледі.

-тіл мен таңдай арасында ауа толқын еркін өтеді.

-тілдің шет жақтары азу тістерге жабысып тұрады.

-жұмсақ таңдай көтеріңкі жұтқыншақтың артқы қабырғасына жабысып, ауаны мұрын қуысына өту жағын жауып тұрады.

-дауыс шымылдықтары қатайып бір-біріне жақындап, діріл арқылы дыбыс шығарады.

-ауа ағысы дем шығару сәтте ауыз қуысына толып, қатайып тұрған тіл ұшын қозғалтып дірілдетеді.

6. Фонематикалық анализдерді дамыту Логопед мұғалім: Мен қазір сөйлемдерді айтамын, ал сен Р дыбысын естіген кезде шапалақ ұр. Жарайма? Логопед мұғалім сөздерді айтады қара, сабын, кеме, қыран, арпа, парта т. б. Ал бала Р дыбысын естіген кезде шапалақтайды.

- Мына суреттерге қарашы Р дыбысы болса таңдап ал. Бала суреттерді қарайды. Кілем, ракета, доп, робот, алма, қар, ара

Логопед мұғалім: - Ал енді ойын ойнайықшы «Төртінші артық» Р дыбысы жоқ сөздер артық болады. Мысалы, алма, шалбар, тарақ, радио.

Логопед мұғалім сөзді атап, төрт суретті баланың алдына ашады. Бала артық суретті алып тастайды.

Мұғалім логопед: Сен поезға мінгің келе ме? Сенің алдыңда үш вагон және суреттер тұр(осы үш вагонға Р дыбысы суретте қайда кездесетінін көрсет және орналастыр (басында, ортасында, соңында)

7. Р дыбысын буында, сөзде, сөйлемде бекіту

1.Ра, ро, ры, ри, ру Ар, ор, ыр, ир, ұр ,Ара, оро, ыра, ыро.

- Алдымен "Р" дыбысының артикуляциясына назар аударамыз.
- - ерін аздап дөңгелентіп тұрады.
- - жоғарғы төменгі тістер арасы алшақ келеді
- - тілдің ұшы қатты таңдайға көтеріледі
- - тіл мен таңдай арасында ауа толқыны еркін өтеді.
- - тілдің шет жақтары азу тістерге жабысып тұрады.
- - жумсақ таңдай көтеріңкі жұтқыншақтың артқы қабырғасына жабысып, ауаның мұрын қуысына өту жағын жауып тұрады.
- - дауыс шымылдықтары қатайып, бір-біріне жақындап, діріл арқылы дыбыс шығады.
- - ауа ағысы дем шығару сәтте ауыз қуысына толып, қатайып тұрған тіл ұшын қозғалтып дірілдетеді.



## Артикуляциялық жаттығулар



Тыныс алу жаттыгулары

көбелек



Туған күн



Күзгі жапырақтар



желпуіш



Жел әні



Р



Атауында “P” дыбысы бар суреттерді көрсет.



## **Тақырыбы: «Р» дыбысын буында, машықтандыру**

### **Сабақтың мақсаты:**

1. Р» дыбысын жеке, буында, сөзде, сөз тіркесінде, сөйлемде анық айтуға машықтандыру.
2. «Р» дыбысын басқа буын, сөз, сөйлем ішінде дұрыс ажырата білуге үйрету.
3. Фонематикалық қабылдауын, ойын тапсырмалар арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Көрнекілігі: Р дыбысының артикуляциясы, артикуляциялық жаттығулар, тапсырмалар, әріптердің кесіндісі, айна, түрлі-түсті қағаздар т.б.

### **I.Ұйымдастыру бөлімі:**

Оқушыларды сабаққа дайындау

Мимикалық гимнастика

Көзімізді ашып жұмамыз (қатты – жәй)

Ернімізді түтікше тәрізді алға созамыз.

**II.«Р» дыбысының артикуляциясымен таныстыру.** Алдымен «Р» дыбысының артикуляциясына назар аударамыз:

— ерін аздап дөңгеленіп тұрады; — жоғарғы, төменгі тістер алшақ келеді; — тілдің ұшы қатты таңдайға көтеріледі; — тіл мен таңдай арасында ауа толқыны еркін өтеді;

— тілдің шет жақтары азу тістерге жабысып тұрады;

— жұмсақ таңдай көтеріңкі жұтқыншақтың артқы қабырғасына жабысып, ауаның мұрын қуысына өту жағын жауып тұрады;

— дауыс шымылдықтары қатайып, бір-біріне жақындап, діріл арқылы дыбыс шығады; — ауа ағысы дем шығару сәтте ауыз қуысына толып, қатайып тұрған тіл ұшын қозғалтып дірілдетеді;

**III. «Р» дыбысын буында дұрыс айтуға дағдыландыру.**

(Айтылған кезекпен буындарды қайтала Р дыбысын анық айт, созып айт)

Ра-ро-ру - ар-ор-ур

Ру-ру-рұ - ор-ур-ыр

Ро-ру-ры - ыр-ұр-ыр

Ра-ра-ра-рас - Ар-ар-ар-қар

Ро-ро-ро-ром - Ор-ор-ор-тор

Ры-ры-ры-рыс - Ыр-ыр-ыр-отыр

**IV. «Р» дыбысын сөйлемде айтуға машықтандыру.**

Міне, Р әрпін ұстап тұрған жалмауыз кемпірге де жеттік. Оның айтуы бойынша, ол Р әріптері қатысты сөздерді ұмытып қалыпты, сондықтан Р әрпін ұрлап кетіпті. Оның есіне түсірсек қайтеді? Олай болса, «Мен бастаймын, сен аяқта» ойынын ойнайық. Мына сөз тіркестерін есіңе сақтай дұрыс қайтала.

1. Рахат Рауанға тәтті ....(алмұрт берді)

2. Раушан тосапты сары...(өріктен қайнатты)

3. Рауан ащы.....(сарымсақты турады)

4. Ардақ піскен....(қарбыз әкелді)

**V. Берілген сөздерге сөйлем құрастыру**

1.Ара ...(омартада жүреді)

2. Ракета... (аспанда ұшып жүр)
3. Қарбыз ... (өте дәмді жеміс),
4. Дәптер... (көркем жазуға арналған)
5. Қарандаш... (түрлі суреттер саламыз),
6. Сарымсақ... (өте ащы болады)

## **VI .Ойын «қағазды жаймалау»**

Бірінші не істейміз?

Қағазды мыжғылаймыз. Одан кейін оң қолдың жұдырығымен қағазды шет – шетіне жаймалаймыз. Сол қолдың жұдырығымен, оң қолдың алақанымен, сол қолдың алақанымен оң қолдың сұқ саусағымен, сол қолдың сұқ саусағымен қағаздың шет – шетін жаймалаймыз.


**Қорытынды.**



**Р дыбысы бар жеміс-жидектерді жалғастыр.....**







**Рр** *Рр*    **Нн** *Нн*

*Қарамен жазылған әріптерді ғана оқы*

У Х А Н Р Э Е

Т А Б О Р Е П А Щ

Ө У А Т Р Ң А К Л Ә Е

І Ғ Ү Н О А Л Д Р Ю Х Е

А Г К Н Ш З О А Д Ж Р Ж

П А К Р Ц М А О Л Т А У Ч





## **Мұғаліммен бірге сабақты талдау.**

Мұғаліммен бірге менің тарапынан сабаққа қатысуымның талдауын жасадық.

-Балалар белсенді, қызығушылық танытты. Белсенділік пен физикалық минуттың өзгеруі шаршаудың алдын алуға және зейінді белсендіруге ықпал етті.

-Сабақта дыбыстың артикуляциясын сипаттауға баса назар аударылды, өйткені менің тәжірибемде бұл балалардың сөйлеу мүшелерінің кинестетикалық жағдайын неғұрлым мағыналы түсінуіне ықпал етеді, соның арқасында дыбысты қою және автоматтандыру тезірек жүреді.

-Сөйлеу материалы қарапайымнан күрделіге дейінгі принципке сәйкес таңдалды.

-Сабақта мен оқушылармен тұлғалық-бағдарлы қарым-қатынас орнатуға, әр баланы тыңдауға, олардың әрқайсысы үшін сәттілік жағдайын жасауға тырыстым.

-Оқушылар тапсырмаларды сәтті орындады, фразалық сөйлеуде дыбысты дұрыс айтуды және қысқа әңгіме құрастыруды үйренді.

**Сабақта барлық міндеттер шешіліп, мақсаттарға қол жеткізілді.**

Мектептегі логопункттегі түзету жұмыстарының мақсаты бастауыш сынып оқушыларының ауызша және жазбаша тілінің бұзылуын ескеру және алдын алу болды.

Қойылған мақсатқа сәйкес келесі міндеттер шешілді:

- Дыбыстық айтылымды диагностикалау және талдау, фонематикалық қабылдау және талдау, сөйлеудің грамматикалық құрылымы, келісімді сөйлеу бірінші сынып оқушылары;

- Ауызша сөйлеуді және кейбір сөйлеу емес процестерді талдау білім алушылар және жазбаша тілді меңгерудегі қиындықтардың себептерін анықтадым;

- Екінші, үшінші және үшінші білім алушылардың жазбаша жұмыстарына талдау жасадым төртінші сыныптар;

- Жазбаша жұмыстарда анықталған қателіктердің типологиясын жеке сөйлеу карталарына сипаттадым;

- Ауызша және жазбаша тілдің бұзылуының алдын алу бойынша түзету жұмыстарының іске асырдым ;

- Білім алушылардың педагогтері, ата-аналары (заңды өкілдері) арасында логопедия бойынша арнайы білімдерін түсіндірдім.

### 3 Логопедпен бірге жұмысты жалғастыру және логопедиялық сабақ өткізу.

#### Логопедиялық сабақ

**Тақырыбы: «Үй құстары»**

**Мақсаты: а) білімділік –**

балалардың үй құстары туралы білімдерін жинақтау. Үй құстарының әрқайсының өзін тән қасиеттері туралы әңгімелеу;

**ә) дамытушылық** – суреттер бойынша әңгіме құрастыруда өз ойларын жүйелі жеткезе білуге үйрете отырып, жалпы сөйлеу тілін дамыту;

**б) тәрбиелік** – үй құстарына қамқор болуға, оларды күте білуге, аялауға тәрбиелеу;

**а) түзетушілік** – ұсақ қол моторикасындамыта отырып, сөйлеу тілін қалыптастыру.

**Көрнекі-құралдар:** Үй құстарының суреті, тізбекті, қиылған суреттер, әтештің киімі, киндер шоколад, себет.

**Сабақтарысы:**

#### 1. Ұйымдастыру бөлімі. «Шаттық» шеңбері.

Амансың ба, Көк Аспан!

Амансың ба, Алтын Күн!

Амансың ба, Жер Ана!

Амансыз ба, қонақтар!

Амансың ба, достарым!

2. «Көктем» мезгіліне қысқаша шолу. Ұшып келетін дала құстарына ынта отырып, үй құстарына тоқталу.

3. – Балалар, үй құстарының ішінде қай құс жетіспейтұр? Әтеш, дұрыс айтасындар. Балалар біреу есік қағып тұрған сияқты. Кәне, ашып көрейік. Мінекей, әтештің өзі де келіп қалыпты. Ендеше амандасайық. Әтеш сен мұнда неғып жүрсің?

— Мен сендерге қонаққа келдім. Үй құстары туралы айтып жатқандарыңды естіп келіп отырмын.

#### 4. Логоырғақ.

Әдемі әдеш таңатпай тұрды.

Ой қаптап жүрді, жан-жаққа қарады.

Айдарың тарады, қо-қо-қодеді.

Қорада ойран салды, бір тауық қайран қалды,

Секіріп – секіріп шарбаққа қонды.

#### 5. Тізбекті суреттермен жұмыс.

«Тауық пен үйрек және олардың балапандары» әңгімесіна ынта отырып, байланыстырып сөйлеу тілдерін дамыту.

#### 6. Жұмбақ шешу.

Қыт-қытетеді,

Кезіп жүріп көшені

Жата қалса орнына,

Ақдоптастап кетеді. (тауық)

Кеудесі қайқандап,  
Жүреді балпандап (*қаз*)  
Күншықпай сап аттанды,  
Қуырады апшыны.

Шыртұйқыда жатқанда,  
Оятады ащыүні. (*әтеш*)

## 2. Саусақ жаттығуы.

Қазым, қазым қаңқылда  
Көлде жүзіп салқында.  
Жемшашайын жейсіңбе?  
Кәмпит бершідейсіңбе?  
Жоқ, жоқ, жоқ.

Кәмпит тәтті болмайды ас  
Арпаменен бидай шаш.

**7. Дидактикалық ойын:** «Қиылған үйқұстарының суретін құрастыру».

**Мақсаты:** Ұсақ қол моторикасындамыта отырып, дене бөліктерін атау.

Үйқұстары туралы тақпақ сұрау.

## 8. Қорытындылау:

— Балалар, бүгін біздер не


туралы айттық? Сендер не мен таныс болдыңдар? Үйқұстары біздерге қандай пайдакелтіреді екен? Біздер оларды аялап өсіріп бағуымыз керек екен, ия

**9. Марапаттау.** — Жарайсыңдар, балалар!

Біздің қонағымыздың қететіну ақыты болған екен. Ол бізге құрқол келмеді.

Өзімен сыйлықтар әкеліпті. Балаларға қонаққа келген әтеш себеттен киндер шоколадтарды таратып береді. Ендеше, рахмет айтып қоштасайық!


Боя:



- Балаңызбен үй құстары туралы әңгімеленіңіз.
- Үй құстарын ата.
- Олар немен қоректенеді.
- Үй құстарының қайсысы суда жүзе алады.
- Үй құстарының адамға қандай пайдасы бар.
- Үй құстарын қалай күтіп баптау керек.
- Балапандардың түсі қандай болады.



Сызып, боя:



#### **4. Бітіруші сынып оқушыларымен оқу іс-шараларын және кәсіптік бағдар беру мазмұны бойынша іс-шаралар өткізу**

Тақырып: «**Керемет тұлғалар**» кәсіптік бағдар беруге арналған іс-шара жоспары(тренинг).

##### **Мақсаты:**

Оқушыларға өз мүмкіндіктерін бағалай білуге және іске асыра білу дағдыларын қалыптастыра отырып, оқу процесінде кәсіби бағытқа психологиялық тұрғыда дайындау.

##### **Міндеттері:**

- 1.Оқушыларға мамандық тандауда дұрыс шешім қабылдай білуге, өзін-өзі дұрыс бағалауға және өз қабілеттерін дұрыс анықтауға дағдыландыру.
- 2.Әр оқушының өз мүмкіндіктерін танып, дамуына ықпал ете отырып, оқушылардың болашақта мамандықты дұрыс тандай білуіне бағыт бағдар беру.
- 3.Оқушыларға кәсіптік бағдар бере отырып, мамандықты тандаудың негізгі жүйелері туралы түсінік беру.

##### **Барысы:**

##### **I. Ұйымдастыру кезеңі.**

«Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кімде кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. Өз орнында істеген адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ, әр өнер, әр қызмет мемлекетке, әлеуметке қажет».

Мамандық таңдау – өте жауапты және маңызды іс.

Адамға тән қасиет – болашақты болжау, армандау.

Адамның мақсаты болмаса ештемені де тындыра алмайды.

Болашақты армандай білу де ұлы даналық, себебі арман өмірге қызықтырады, оны сұлуландырады, өмірді алға ғарыштатады, өргете алады.

Арман адамның жарық жұлдызы, айқын бағдары, онсыз алға басу да, тірлік те жоқ. Олай болса, алға ұмтылу – өмірдің мақсаты.

Сабағымызды бастамас бұрын, алдымен тренинг ережелерімен танысып алайық.

##### **Ереже:**

-Белсенді қатысу;



- Тыныштық сақтау;
- Бірін-бірі тыңдау;
- Ойын ашық айту;
- Бір-бірін сынамау;
- Үлгілік;

### **Миға шабуыл:**

Біз сіздермен мамандықты тандау туралы кішкене әңгімелесейік. Әр адам өмірде өз орнын табу керек. Мамандық тандау бұл өте күрделі процесс.

- Мамандық дегеніміз не? (еңбек іс-әрекетінің бір түрі, бақшадағы жұмыс – ол да жұмыс);
- Ең алдымен мамандық алу үшін не қажет? (білім)
- Мамандық пен басқа еңбек іс әрекеттен айырмашылығы неде?
- Президент, еден жуушы – бұлар мамандық па? (жоқ өйткені оларды ешқайда оқытпайды, бірақ еңбек іс-әрекетіне жатады);
- Мамандықты алар кезде, не нәрсеге сенесіздер? (бізге қауныш әкеледі, материалды жағынан қанағаттандырады);
- Арнайы мамандық дегеніміз не? (бұл бір ғана мамандықтың төңірегіндегі іс-әрекет). Мысалы, дәрігер мамандарының ішінен арнайы мамандарды білесіздер? (кардиолог, окулист, терапевт т.с.с.). Ал, Инженерден (инженер-механик, инженер-құрылысшы т.с.с.);
- Қандай әскери мамандықтарды білесіндер? (әскери ұшқыш);
- Лауазым деген не? (должность) (бір адамға жүктелген міндет).

### **Жоспар**

#### **1. «Танысу» жаттығуы.**

Тренингті белсендету мақсатында жүргізуші оқушыларды дөңгелек шеңбер құрып отырғызып, төмендегі жаттығуды орындауды ұсынады: әрбір оқушы өздерінің есімдерін атап өз есімінің бас әріпіне келетін мамандықты айтады. Содан соң жалғастыратын оқушы қасындағы оқушының атын және оның бас әріпіне келетін мамандықты айтып, болған соң өзінің атын айтады және өз атының бас әріпіне келетін мамандықты айтады осылайша жаттығу соңына дейін жалғасады. Мысалға: Мен Аружан – архитектор, екінші адам Аружан – архитектор, Марат - механик, Аружан – архитектор, Марат – механик, Қайрат - қаржыгер т, с

#### **2. Жаттығу «Ақ парақтың екі бөлігі»**

Алдарыңыздағы қағазды екі бөлікке бөліп, оң жақ бұрышына «+» белгісін, сол жақ бұрышына «-» белгісін белгілеңіздер. Енді «+» белгісі бар бөлікке өздеріңіздің болашақ таңдаған мамандығыңызға байланысты жағымды, жылы, сенімді ойларыңызды жазыңыздар. Ал «-» белгісіне бар бөлікке сенімсіз, жағымсыз

ойларыңызды жазыңыздар. Осы екі жақта жазылған ойды, зейін қойып оқып шығамыз.

- Енді осы теріс жағдайлардан арылғымыз келе ме?

Не үшін? Не себепті?

- Онда «-» жақтағы жағымсыз ойды умаждап, қоқыс шелекке тастаймыз.

### 3. «Ең жақсы мамандық» ойыны.

**Мақсаты:** оқушыларды түрлі мамандықтар әлемімен таныстыру және ол мамандықтарға сипаттама беру.

**Нұсқау:** жаттығуға қатысатындар шеңберде отырады. Жүргізуші қатысушыларға қандайда бір мамандықтың сипаттамасын айтады. Олар сол сипаттамаға ең жақын келетін мамандықты айтады. Ең көп қаржы әкелетін мамандық. Қай мамандық **ең ең** табыс көзіне жатады, өз ойларыңмен бөлісіңдер.

Әрбір қатысушыларға мынадай сұрақ береді.

- Ең ақшасы көп мамандық
- Ең жасыл мамандық
- Ең тәтті мамандық
- Ең жауапты мамандық
- Ең салмақты мамандық
- Ең қарым-қатынасы күшті мамандық
- 

### 4. Видео роликтен үзінді «Жұмбақ сыры»

### 5. «Мамандығым-мақтанышым» әдістемесі

**Әдістеменің мақсаты:** Оқушылардың қандай-да болмасын жағдаяттан шыға білу қабілетін дамыту. Мамандығының қыр-сырын меңгеруге баулу.

**Жүргізілу барысы:** 5 жағдаятты, 5 оқушыға беріп, осы жағдаяттан шығу жолын іздеуге баулу және рөлдік ойынды сомдау (сынып жетекшісінің келбеті).

- Сіз-дәрігерсіз. Ауырған адам сізге келіп, қойған диагнозыңызбен келіспейтінін айтты. Сіздің шешіміңіз қандай?
- Сіз – мұғалімсіз. Сабакқа ата-ана қатысып отыр. Сіз үй тапсырмасын сұрадыңыз, ешбір оқушыңыз дайын емес. Не істер едіңіз?
- Сіз – әншісіз. Сахнадан ән салып тұрсыз, көрермен ұйықтап отыр, бұл сізге ұнамады, не істейсіз?
- Сіз өзіңізге ұнаған мамандықты таңдадың, бірақ ол мамандығыңа ата-анаң қарсы. Сен ол кезде не істер едің?
- Ата-анаң саған бір мамандықты таңдап берді, бірақ ол мамандық саған ұнамады. Сен ата-анаңның шешіміне қарсы боласыз ба?

**Нәтижесі:** Оқушылар миға шабуыл бағытын меңгереді.

### 6. «Менің арманым.....» тренингі

**Тренинг мақсаты:** Оқушының өзі таңдайтын мамандық туралы ойын бір жүйеге келтіріп, өз бетінше шешім қабылдап, өзіндік мақсатын айқындай білу қабілеттілігін арттыру, жауапкершілік, міндеттілік, зерттеушілік әрекетін іске асыру мүмкіндіктерін кеңейту, оқушының тұлғалық және өмірлік өзін-өзі тануын қамтамасыз ететін болашақ кәсіби бағдарына сәйкес дербес дамуына жағдай жасау


**Жүргізілу барысы:** оқушыларға ақ парақ және қарындаш таратылып беріледі.  
- Оқушылар, алдымыздағы парақты басымызға қоямыз. Қарындашпен параққа сурет саламыз. Ол сурет: ЖОО бітіріп, өзіміз қалаған мамандық иесі атанып, сол бойынша жұмысқа орналастық. Ол жұмыс орнымыздың ғимаратын парақтың дәл ортасына саламыз. Ғимараттың жоғарысына Мемлекеттік Туымызды ілеміз. Ғимараттың кірер есігіне өзіміздің суретімізді саламыз. Ал, енді, сол парақтарыңызды алып қараңыздар.

**Нәтижесі:** оқушылар арманына жетуге ұмтылысы артады.

#### 7. «Мамандықтың бәрі жақсы» тренингі

**Тренинг мақсаты:** Оқушылар мамандық түрлерін, олардың атқаратын қызметтерін, адамға пайдасын, жақсы жақтарын талдап, саралауға үйреніп, меңгереді.

**Жүргізілу барысы:** 10 оқушыны ортаға шығарып, олардың қолына бір-бір парақтан беріп, қалғандары алдында тұрған оқушының арқасына сүйеніп парақта жазылған мамандық бойынша, сол мамандықтың жақсы жақтарын, сол мамандық жайлы мағлұмат жазу.



**Нәтижесі:** Жаңа мамандық түрлерімен танысады және олардың өмірдегі орнын біледі.

#### **Қорытынды сөз: Қорытынды**

Еңбек етсем, ертеңгі - бақытыма сенемін.

Мақсатыма жеткізер - уақытыма сенемін.

Достық іспен қасты да - жеңеріме сенемін,

Ақыл, сана білім мен - өнеріме сенемін.

Арым - таза, ақ көңіл - адалдыққа сенемін,

Абыройлы, ақ ниет - адамдыққа сенемін!- дей келе мамандықты дұрыс таңдау - табысты өмірдің кілті. Сондықтан сіздерге мамандық таңдау жолында адаспай, өмірден өз орындарыңызды тауып, дүниенің бір кірпіші болып қалануына ел болашағын ойлайтын халқына абыройлы қызмет ететін адам болайық.

#### **Кері байланыс ретінде:**

**Естелікке барлығымыз плакатқа өзіміздің қолымыздың суретін салып, болашақ мамандығымызды жазып қалдырайық.**

## **5. Тәжірибенің тиімділігін өзін-өзі бағалау: тәжірибеде алынған нәтижелерді қорытындылау. Есеп беру құжаттамасын дайындаңыз.**

Тәжірибе жоспардан ауытқусыз сәтті өтті, барлық қойылған міндеттерді орындадым және практика мақсаттарына қол жеткіздім. Тәжірибеден өткеннен кейін әдістемелік шеберлік, теориялық дайындық деңгейі, балалармен қарым-қатынас дағдылары арттылды. Жалпы, менде тәжірибе туралы өте жақсы әсер қалды. Тәжірибе дефектолог-мұғалімнің қызметімен тікелей байланыста болуға жақсы мүмкіндік берді.

Мен үшін бұл тәжірибе оңай болған жоқ. Қиын сәттерде жетекшім қолдау көрсетіп бағыт бағдар беріп отырды. Балалар өте керемет, ақылды, қамқор және тәрбиелі болды. Тәжірибеден үйренген дүниелерім өте көп.

-Сабақ жоспарын құруды үйрендім.

-Балалармен дұрыс тіл табысуды білдім.

-Қай бағытта балаларға сабақ өткізу керек екенін білдім.

-Балалардың қызығушылық талпыныстары мені жігерлендірді.

-Мейірімділікті, қамқорлықты сезіндім.

-Балалардың оқуға деген ынтасын қалай ашу керек екенін үйрендім.

-Күнделікке баға қоюды және рәсімдеуді үйрендім.

-Сабақ кестесі арқылы балаларға қызықты тапсырмалар құрастыруды үйрендім.

-Балалардың икеміне қарай тапсырма беруді және олардың психологиялық жағдайын ажыратуды үйрендім.

-Өз ойыма қорытынды жасауды үйрендім.

Мен осы тәжірибеден түсінгенім мұғалім болу үшін ең алдымен білімділік, шыдамдылық және еңбекқорлық қасиеттері болу қажет. Мен бұл тәжірибеден өту барысында “Ұстаз жолы ұлы жол” екендігін оқушылармен жұмыс жасау барысында сезіндім. Болашақта осы тәжірибеден үйренгенімді іс жүзінде жүзеге асыратыныма сенімдімін.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жукова, Н. С. Логопедия. Преодоление общего недоразвития речи у дошкольников: Книга для логопеда / Н. С. Жукова, Е. М. Мастюкова, Т. Б. Филичева. - Екатеринбург: Изд-во ЛИТУР, 2000. - 320 с.
2. Катаева А.А., Стребелева Е.А. Дидактические игры и упражнения в обучении дошкольников с отклонениями в развитии. - М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2001. - 224 с
3. Основы логопедии с практикумом по звукопроизношению: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений / Т.В. Волосовец, Н.В. Горина, Н.И. Зверева и др.; Под ред. Т.В. Волосовец. - М.: Издательский центр "Академия", 2000. - 200 с.
4. Калягин В.А., Овчинникова Т.С. Энциклопедия методов психолого-педагогической диагностики лиц с нарушением речи. - СПб., 2004. -С.432
5. <https://infourok.ru/r-dibisi-dayindi-kezei-981140.html>
6. [https://ust.kz/word/logopediyalyq\\_tapsyrmalar-217552.html](https://ust.kz/word/logopediyalyq_tapsyrmalar-217552.html)